Тақырыбы:
Қостанай облысындағы Бидай өндірісі.

* ***Бидай — астық тұқымдасына жататын аса маңызды дәнді дақыл. Қазақстанда 6 түрі (Еділ бидайы, Польша бидайы, көже бидай, жұмсақ бидай, қатты бидай, көбен бидай) өседі, жабайы түрлері сирек кездеседі.***

Қостанай облысында. Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының мәліметі бойынша, табиғи климаттық жағдайға қарамастан аймақтың аграрийлері 4 018 мың гектар алаңнан 5 млн тонна бидай жинап алды. Облыс бойынша орташа түсім гектарынан 12,4 ц құрайды.

Ең көп түсім Федоров ауданында тіркелді онда гектрынан 16,8 ц өнім алынды. Сонымен қатар Меңдіқара, сарыкөл мен Ұзынкөл аудандарының көрсеткіштері де жақсы болды, онда гектрынан орташа есеппен 15,8 ц өнім алынды.

Егін жинау науқанына Джон-Дир, Кейс, Клаас, Акрос сынды 12 мыңға жуық бидай жинайтын комбайн, 3 мыңнан астам дестелегіш, 8,6 мың жүк автомобильдері және 18,36 мың трактор тіркемесі және өзгеде техника тартылды.

Ағымдағы жылы аграрийлер өткен жылдың тәжірибесін ескере отырып қосымша 259 трактор, 131 комбайн, 160 дестелегіш, 15 бидан кептіргіш және өзгеде ауыл шаруашылығы техникасын 4,5 млрд теңгеден астам қаржыға сатып алды.

Сонымен қатар солтүстік аймақтағыларға көмектесу үшін егін жинау науқаны аяқталған оңтүстік аймақтардан 200 комбайн жіберілді.

Сонымен қатар мемлекеттік органдардың тарапынан қожалықтарды жеңілдігі бар дизельді отынмен қамтамасыз ету мәселесі дер кезінде шешіліп, 77 мың тонна көлемінде дизельді отын берілді.

Көктемгі егін жинау және егу жұмыстарын жүргізу үшін аграрийлерге 6,5 млрд теңге несиеге берілді.

Ал, мол астықты сақтап қалу үшін жалпы сыйымдылығы 7 млн тонна болатын элеваторлар мен бидай сақтау қоймалары дер кезінде дайындалды.

Бүгінде облыстың элеваторларына 1 391 мың тонна жаңа астық келіп түсті, оның ішінде - 1 208 мың тоннасы бидай. Айта кетерлік жайт, оның ішінде 3 сұрыптағы бидай 703 мың тоннадан асады және 4-5 санаттағы бидай - 479 мың тоннаны құрады

Бүгінгі таңда көптеген дамушы және дамыған мемлекеттердің экономикалық даму тенденциясын анықтайтын ауыл шаруашылығының маңызы күннен күнге асып отыр. Әлемдік халық шаруашылығы мен халықтық еңбек бөлініснің біршама үлесін құрайтын ауыл шаруашылығының Қазақстан Республикасына да қатысы бар. Соның ішінде Отанымыздың ірі аграрлы аймақтарының ретінде Қостанай облысының астық шаруашылығының қазіргі жағдайы үлкен өзектілігі бар мәселеге айналып отыр. Облысымыздың астық шаруашылығы өз басында бірнеше қиындықтар мен өзгерістерге тап болды. Нарықтық заманға көшу, шаруашылықтарды жекешелендіру, жер телімдерін шағын бизнес өкілдері мен ірі шаруа қожалықтарының үлесінде қалдыру секілді, ауыл шаруашылығындағы өзгерістер, облыстың бүгінгі күнгі қарқынды дамып келе жатқан астық шаруашылығының негізін қалады. Бірақ, бүгінгі күні облыс жалпы алғанда жаздық бидайдың егіс көлемі, өнімділігі және сапасы жағынан егін шаруашылығын дамытуға қолайлы ауданға айналды.

Егін шаруашылығы - Қостанай облысының Республика еңбек бөлінісінде орнын анықтайтын маңызды экономикалық саласы. Облысымыз астық дақылдарынан: жаздық бидай, күзгі қара бидай, жаздық арпа, сұлы және басқа да дәнді-дақылдарды Республикалық және әлемдік нарыққа шығаратын еліміздің басты аймағы. Соның ішінде жаздық бидайдың орны ерекше...

Қостанай облысында 520 мың гектар бидай орылған

Жанар-жағармай жеткілікті, техника сайлы. Қостанай ауданына қарасты Воскресенов ауылында биыл бидай бітік. 20 жыл өтілі бар механизатор Байбол Ибраев танаптар кемі 20-30 гектардан өнім беретініне сенімді. Шығымы жақсы болғанымен, ылғалы мол бидайдың шығыны да көп. Техника қанша қауқарлы болғанымен, табиғаттың алдында дәрменсіз. Жаңбыр үдеп кетсе, диқандар көлікті қаңтарып, жіпсіз байланады. Биылғы тамыз айы жаңбырлы болды, қазіргі егін орағы да аса қолайлы болып тұрған жоқ. Соған қарамастан облыс диқандары күніне 115 мың гектар алқапты орып үлгеріп жатыр. Егін әлі көк, сондықтан жалға жатқызуға тура келеді. Қостанай облысында биыл 4,5 млн гектардан астам алқаптан өнім жинау жоспарланған.

Бүгінге дейін соның 520 мың гектарға жуығы орылғанымен, қамбаға құйылған бидай аз. Егіннің кеш шабылуын кәнігі диқандар көктемгі науқанның ұзап кеткенімен байланыстырады. Әйтсе де аймақтағы жағдай әркелкі. Тұқымды дер кезінде сеуіп үлгерген аудандар астық жинауда да алда келеді. Облыста биыл диқандарға 77 мың тонна арзандатылған жанар-жағармай берілді. Аймақта жаңадан 8 астық сақтайтын қойма мен 15 кептіргіш салынған. Астықты жиып алуға дайындық бекем. «Тек табиғат кері әсерін тигізбесе болғаны. Былтырғыдай апталап нөсер құйып, еріксіз бөгемесе, 15-20 күнде орақ науқанын аяқтаймыз», - дейді дихандар.

Жалпы Қазақстан бойынша Қостанай облысы Бидай өндіруден көш бастап тұрғаны анық! Оған дәлел қаншама орылған гектарлар және де құнарлы жерлер!!!

Қостанай облысы – еліміздегі қасиетті өңірлердің бірі. Қазақстанның, қазақ халқының тарихы Қостанай өңірінсіз кемшін түсер еді. Ел қорғаған Шақшақ Жәнібек тархан, ғылым мен білім жарығын шашқан Шоқан, Ыбырай, Алаш ардақтылары Ахмет, Міржақып, Амангелді, Кейкі батыр, Мәриям апа бастаған ақындар легі, қазақ театр өнерінің пайғамбарлары Серке, Елубай, Қапан секілді халқымызға осынау құнарлы топырақ берген бірегейлердің есімін жалғастырып тізе беруге болады. Бай тарихы бар бұл Қостанай астыққа да бай екені хақ.

Қостанай облысы

-деп текке айтпаса керек!

Орындаған:
Абусахит Мұхит

Назарларыңызға рахмет!

Тексерген:
Сейтова Саян